

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 қазандағы N 1660 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен.**

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 54, 532-құжат; 2002 ж., N 18, 196-құжат; 2003 ж., N 9, 92-құжат; N 15, 149-құжат; 2005 ж., N 27, 329-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтағы "бір" деген сөз "екі орынбасары, соның ішінде бір бірінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі туралы Ережеде:

15-тармақтағы "орынбасары" деген сөз "орынбасарлары" деген сөзбен ауыстырылсын;

16-тармақтың 2) тармақшасындағы "орынбасардың" деген сөз "орынбасарлардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Агенттік Төрағасы болмаған кезде оның міндетін Төрағаның тапсыруы бойынша орынбасарларының бірі атқарады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*